**1-апта (01.11-05.11.2021 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**
**Апталық тақырып: "Пайдалы көкөністер"**
**Мақсаты:** Балалардың жемістер мен көкөністер туралы ұғымдарын қалыптастыру, денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Балаларға өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Судың адам тіршілігі үшін қажеттілігін түсіндіру.
**Міндеттері:**
-шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;
- Өздерінің дене мүшелері(қол,аяқ,бас,көз,құлақ, т.б)олардың атқаратын қызметтері туралы түсінедіжәне оларды айтып береді.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.11.2021 | Сейсенбі 02.11.2021 | Сәрсенбі 03.11.2021 | Бейсенбі 04.11.2021 | Жұма 05.11.2021 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтарын тексеру. Денсаулықтарын тексеру. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Саусақ ойыны:**<br>Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың аттарын бір түгел атап береді. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағынан бастап былай бес саусақты түгел жазады.<br>Сен тұр қойыңа бар,<br>Сен тұр түйеңе бар,<br>Сен тұр жылқыңа бар,<br>Сен тұр сиырыңа бар,<br>Сен кішкентай әлі жас екенсің,<br>Үйде қал! | **Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?".**<br>**Мақсаты:** әр заттың өз орны бар екенін атып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: "Жапалақ".**<br>**Мақсаты:** есте сақтау қабілетін, ойынға қызылығушылғын арттыру.<br>Барысы: Бір баланы жапалақ етіп сайлады. Қалған балалар көбелек, құстар болып жүреді. "Күн" деген кезде балалар дөңгелене көбелек, құстың қимылын жасай ұшады. "Түн" деген кезде барлық бала сол орнында қозғалмастан отырып қалуы керек. Жапалақ өз ұясынан шығып қимылдап қойған баланы өз ұсына алып кетеді. | **Дидактикалық ойын:"Не жоқ?".**<br>**Мақсаты:** ойынды ойыншықтармен ойната отырып, балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Саусақ ойыны: "Саусақ аттарымен танысайық".**<br>Бәріміз қолымызды жұдырыққа жұмайық. Саусақтарымыз бір-бірлеп, сендермен танысқысы келеді. Әрқайсысының өзінің атаулары бар. Қане, танысайық. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені "Сағаттар"** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын: "Бұл не?".** **Мақсаты:** Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру. | **Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?".** **Мақсаты:** Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету. | **Қимылды ойын: "Зымыраған көңілді добым".** **Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. | **Дидактикалык ойын: "Затты ал".** **Мақсаты:** Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Жұбын тап".** **Мақсаты:** Бірдей заттардың жұбын табуға дағдыландыру. Ойлауын дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1."Таным" Жаратылыстану Жаратылыстану Тақырыбы: « Бақшада не өседі?»** **Мақсаты:** Көкөністер, олардың түстері, жинап алатын мезгілі туралы түсіндіру. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу, оларды күтіп – баптауға баулу. **"Шығармашылық" Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоянға арналған сәбіз»** **Мақсаты:** Балаларға ермексазды алақан арасына салып есу | **1."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Көкөністер айтысы»** А.Филиппенко. Өңдеген: К.Үбанұлы **Мақсаты:** Пайдалы көкөністер туралы айту. Әнді үйретіп, айтқызу.<br><br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br><br>«Қатты және жій» Ломова **"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкөністерді жинаймыз»** **Мақсаты:** Балаларға | **1"Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қалта» (дидактикалық ойын)** **Мақсаты:** Балаларға көкөністер туралы түсініктерін кеңейте отырып, адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру, олардың құрамы дәруменге бай екені, суық тию ауруына шалдықпаудағы күресудің жолы екенін көрсету, сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу, сұрақты тыңдап дұрыс жауап беруге тәрбиелеу, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкөністерді жинаймыз»** **Мақсаты:** Балаларға күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру, көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Әртүрлі бірақ бір түсті заттарды бөліп алуға жаттықтыра отырып көкөністерді жинау, бір жолмен 3м ге жүгіру. | **1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшада»** **Мақсаты:** Көкөністер туралы білмідерін кеңейту.Бір -біріне доп домалатуды үйрету.Жерде жатқан жіптен қос аяқпен секіру дамыту. **2."Таным" Сенсорика Сенсорика Тақырыбы: «Көкөніс толы себет»** **Мақсаты:** Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге, жазықтықта үлкен көлемді геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы, сопақша етіп мүсіндей білуге үйрету арқылы саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, қорытындылау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер<br>**«Сиқырлы суреттер» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру, көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Әртүрлі бірақ бір түсті заттарды бөліп алуға жаттықтыра отырып көкөністерді жинау, бір жолмен 3м ге жүгіру. | қабілеттерін дамыту.<br>**"Шығармашылық"**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қияр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды саусақ әдісі арқылы жолақ салуға үйрету. Қол моторикасын дамытып, сенсорлық өлшеммен түстерді білуін қалыптастыру. Бояумен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, қиярдың суретін салу, дидактикалық ойын, қорытындылау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер<br>**«Сиқырлы қапшық» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. | | пішіндерді салыстыра білуге қияр – сопақша, қызанақ – дөңгелек. Балаларды көкөніс түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету,түсіндіру, сұрақ-жауап, дидаутиуалық ойын, қорытындылау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер<br>**Зейінді бол» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау:**Күз мезгілін бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Жалаушаға қарай жүгір».<br>**Мақсаты:** балалардың | **1.Бақылау:** Жолдағы көліктерді бақылау.<br>**2. Еңбек:** Құстарды бақылап, оларға жем беру.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер».<br>**Мақсаты:** балалардың | **1. Бақылау:** Аспанды бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ересек балаларды бақылау.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Қақпан».<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа үйрету.<br>**4. Жеке жұмыс:** Інжуден | **1. Бақылау:** Ауа райын бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы тастарды жинату.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Жапалақ».<br>**Мақсаты:** балаларды аңғарымпаздыққа | **1. Бақылау:** Бұлттарды бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Күн мен түн".<br>**Мақсаты:** балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдамдығын арттыру.<br>**4. Жеке жұмыс:** Сезімнен өткен өлең жолдарын сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** | қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**4. Жеке жұмыс:** Әлжаннан түстерді үш тілде сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** | көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.<br>**5. Еркін ойындар.** | үйрету.<br>**4. Жеке жұмыс:** Рахманнан өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу.<br>**5. Еркін ойындар.** | ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>**4. Жеке жұмыс:** Шамильден көкөністер мен жемістер туралы сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру. "Рахмет" сөзін айтқызу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу. | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | Өтілген әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету. | **Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз".**<br>**Мақсаты:**Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу. | **Сюжеттік ойын: "Дәрігер".**<br>**Мақсаты:** әр мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету. | Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту. | **Дидактикалық ойын: "Ғажайып сағат".**<br>**Мақсаты:** балаларды мейірім мен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Әлжаннан түстерді сұрау. | Рахманнан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау. | Сезімнен жеке жұмыс жүргізу. | Інжуден ертегіден түсінгенін сұрау. | Шамильден түстерді сұрау. |
| **Серуенге дайындық** | Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Күнді | **1.Бақылау:** Ересек | **1.Бақылау:** Айналада | **1.Бақылау:**Күзгі ауа- | **1.Бақылау:**Желді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>**3.Еркін ойындар** | адамдар іс-әрекеттерін бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:**<br>«Ақ қоян».<br>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.<br>**3.Еркін ойындар** | жүрген құстарды бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:**<br>«Торғайлар мен мысық».<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Еркін ойындар** | райын бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:**<br>«Мысық пен тышқан».<br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**3. Еркін ойындар** | бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:**<br>«Сұр көжек жуынып жатыр".<br>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.<br>**3. Еркін ойындар** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларға өтілген өлең жолдарын үйден қайталатып жаттатуларын сұрау. | Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы заттарды көрсете отырып үйретулерін сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айту. | Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну. | Демалыс күндеріне сәттілік тілеп, үйлеріне шығарып салу. |